

АЛҒЫ СӨЗ

Ұлттың рухани-мәдени өмірінде, әдебиетінде айрықша орны бар көрнекті ақын-жазушылардың тілін зерттеп, олардың сөз байлығын, әдеби тілдің дамуына қосқан үлесін анықтау өте маңызды. Бұл әлемдік тіл білімінің лексикография саласында орныққан тәжірибе. Мәдениеті өркендеген жұрттар ғылымы мен әдебиетінің, ұлт тілінің дамуына үлес қосқан ірі тұлғаларының шығармашылығын, сөз байлығын арнайы зерттеуге қашан да үлкен мән береді. Осы уақытқа дейін ағылшын халқының ұлы драматургі, әрі ақыны У.Шекспир тілінің сөздігі (1874), орыс халқының ұлы ақыны А.С.Пушкин тілінің сөздігі (1956) мен қазақтың ұлы ақыны Абай тілі сөздігі (1968) сияқты белгілі сөздіктердің жасалуы соның дәлелі. Енді осылардың қатарына тағы бір сүбелі еңбек қосылып отыр. Ол – «Мұқағали Мақатаев тілінің сөздігі».

Мұқағали Мақатаев ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі. Қазіргі кезеңдегі ең көп оқылатын халықтың сүйікті ақынына айналған оның тілі көркем де шұрайлы. Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын, тілін зерттеу оның жеке сөз байлығын, авторлық сөзқолданыс ерекшелігін көрсетумен қатар ақынның өмір сүрген кезеңі, өткен ХХ ғасырдың 50–70-жылдардағы қазақ поэзиясы мен ұлттық әдеби тілдің даму деңгейі жөнінде де мол мәлімет береді. Сондықтан өз жұртының жүрегіне жол тауып, қазақ поэзиясының асқар биігінен өзінің айрықша орнын иеленген ақиық ақынның, ана тілінің қайнар бұлағынан қанып ішкен ерекше дарынды тілдік тұлғаның сөз байлығын зерттеу өте қажет, әрі игілікті іс. Елімізге белгілі тілші-ғалымдардың Мұқағали тілін жылдар бойы жүйелі түрде мұқият зерттеп, көлемді сөздік жасауы – осы игілікті істің, ерен еңбектің нәтижесі.

«Мұқағали тілі сөздігін» жасаушы ғалымдар ақынның тілдік қазынасын, лексикалық, мағыналық байлығын, оның шығармаларындағы тілдік бірліктердің қолданылу жиілігін нақты көрсету арқылы қаламгердің қазақ тілінің лексикалық қорына қосқан үлесін айқындауды мақсат етіп, сол мақсаттарына қол жеткізе білген. Сөздік жасаушылар Мұқағалидың сөздік қорында 13348 сөз 5035 тұрақты тіркес бар екендігін айқындаған. Олардың әрқайсысының мағыналарын саралап, жеке-жеке анықтама-лар берген. Ақын шығармаларында сол сөздер мен тұрақты тіркестердің 282 мың рет қайталанып қолданылғанын анықтаған. Сөздік соңында есім сөздердің септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының, етістіктердің жак, шак, рай жалғауларының, сын есім шырайларының және есімдіктер мен шылаулардың қолданыс санын көрсететін нақты статистикалық мәліметтерден тұратын қосымша кестелер берілген. Бұл да сөздіктің құрылымдық ерекшелігін, түзілімдік жаңалығын көрсетеді.

Қазақ сөзін киыннан қиыстырып, шеберлікпен қолданып, өміршең өлең өре білген поэзия пырағы Мұқағали тілінің сөздігі сынды елеулі еңбектің жасалып, жарыққа шығуы – ақын мұрасын зерттеуге, тіліміздің сөз байлығын еселей түсуге қосылған үлкен үлес. Ешбір тапсырыс алмай-ақ, өз жүректерінің қалауымен бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жасаған авторлардың кәсіби біліктілігі мен қыруар еңбегінің арқасында көлемді академиялық сөздіктің дүниеге келгенін үлкен ризашылықпен атай отырып, тілдік қазынамызға олжа болып қосылған «Мұқағали тілі сөздігі» ел игіліне айналсын демекпіз.

Әбдуғали ҚАЙДАР,
филология ғылымының докторы, профессор
ҚР ҰҒА-ның академигі